

**ТҮЙІН**

*Г.А.Кривенко* филология ғылымдарының кандидаты  
Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

**Қазіргі білім парадигмасындағы антропоцентризм**

Мақалада тілдегі тұлғаны жан-жақты зерттеу болып саналатын өзекті мәселе –тілдің антропоцентрилік принципі қарастырылады.

**Ключевые слова:** антропоцентризм, антропология, системоцентризм, язык.

**RESUME**

*G.A.Krivenko*, candidate of Philological Sciences  
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

**Anthropocentrism in the paradigm of modern knowledge**

The article deals with the problems of anthropocentrism principle of language which is characterized as detailed study of the status of person in language and nowadays it is urgent problem.

**Key words:** anthropocentrism, anthropology, system centrism, language

**УДК 81'42**

**Т.Қ. Маняпова**, филологиялық ғылымдарының кандидат,  
Инновациялық Еуразия университеті  
E-mail: manyap23@mail.ru

**Мәтін интерпретациясындағы прагматикалық негіздер**

**Түйін.** Мақалада мәтін талдау сатылары мен мәтін интерпретациясындағы прагматикалық негіздер толығымен сипатталып берілген. Филологиялық тұрғыдан мәтін талдауды ұйымдастырудың практикалық жолдары ұсынылып отыр.

**Түйінді сөздер:** мәтінтану, зерттеу объектісі, мәтінді талдау, тұтас мәтін «бейнесі».

Мәтін – бұл жалпы тақырып бойынша мағыналық және құрылымдық тұрғыдан тұтас, күрделі бірлік; ой желісі бойынша ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін компоненттерінің ішінара байланыстылығы болуы шарт. Мәтін талдаудағы сатылар мынадай:

- мәтіннің шығу тегі (пайда болуы);
- авторлық мәселесі;
- мәтіннің нақты мазмұнын анықтау;
- мәтіннің құрылымдық ершелігін сипаттау;
- мәтін белгілі мәдениет саласының бөлшегі ретінде (кірігу шарттары);
- берілген мәтіннің басқа мәтіндермен ішінара байланысы;
- мәтінге түсініктеме берудің және мәтінді түсінудің тарихи шарттары (заман интерпретациясы және т.б.).

Филология ғылымының зерттеу объектісі - әдебиеттің жазба нұсқалары (жазба ескерткіштер). Негізгі әдісі – тарихи-филологиялық талдау. Александрия мектебі заманынан бастап мәтін зерттеудің 4 аспектісі анықталып, қолданбалы тәжірибеде кеңінен пайдаланылуда. Олар: мәтін мазмұнын дұрыс оқу, шығарма мәтіндегі кемшіліктерді жою, мәтінге түсініктеме беру, мәтінді сипаттау, бағалау.

Мәтінді зерттейтін ғылымдар мынадай: палеография, текстология (мәтінтану), дереккөздерді тану (источниковедение), герменевтика, әдебиеттану, мәтін лингвистикасы, құжаттану, мәтін этнографиясы, поэтика, семиотика.

Мәтінтану ілімі қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға жататынын анықтайды.

Герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысады. Киелі мәтіндер герменевтикасы экзегетика деп аталады. Мәтінді қарастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Ол мәтіннің қалай құрылғанын, оның құрылымы мен композициясын зерттейді (формальды мектеп, құрылымдық поэтика, генеративті поэтика). Қазіргі семиотика (мәдениет мәтін ретінде) мен мәтін философиясы мәтін ұғымын кең мағынада қарастырады.

В. Рудневтің жасаған мәтін тұжырымы жеті баптан тұрады:

- 1) мәтіннің барлық элементтері өзара байланысты (құрылымдық поэтика тезисі);
- 2) мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктері мотивтер ретінде айқындалады (мотивті талдау тезисі);

3) мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психологиялық талдау);

4) мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт мәндерінің астарлы мазмұны бар; мұнда мифологиялық сипаттағы терең, универсалды заңдылықтар жатыр (К.Т. Юнгтің аналитикалық психологиясы);

5) мәтін шындықты суреттемейді, ол шынайы құбылыстармен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы);

6) бір мәтіндегі шынайы ақиқат басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние семантикасы);

7) мәтін – қатып қалған мән-мағына емес, ол автор, оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат (Бахтин поэтикасы).

Прагматикалық тұрғыдан мәтінді талдауды және оған түсініктеме беруді келесі бағыттарда жүргізуге болады:

- Promoting Curiosity and Inquiry (Қызығушылықты ояту және ізденісті ұйымдастыру);
- Deepening Comprehension (Түсінуді тереңдету);
- Analyzing the Text (Мәтінді біртіндеп талдау);
- Taking Ideas to Production (Идеялар арқылы қорытынды шығару).

Әрбір оқырман өз мәтінін құрастырады. Тұтас мәтіннің толық «бейнесі» қалыптасады. Сондықтан эксперимент ретінде негізгі компоненттері бірдей 4 мәтін алынып отыр. Алдын ала тапсырма беріледі. Күтілетін нәтиже: оқырмандар негізгі мәтіннің компоненттерін ажыратып, тапсырманы толығымен орындап, тақырып жайында өздерінің қорытынды пікірлерін дәлелдеп береді. Сонымен қатар филолог ретінде мәтіндер арасындағы байланыстарды сипаттап береді.

**Тапсырма.** Мәтіндерді оқу. Сұрақтарға жауап бере отырып, эссе жазу.

1. *Барыс қандай аң?*

2. *Азия елдері әлемде қалай аталады, неге?*

3. *Қазақстан «Азия барысы» атағына лайықты ма (дәлелдеу)?*

### **Мәтін 1. Қазақстан – Азия барысы**

2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия барысына айналады. Бізде жолбарыстар жоқ, ал тауларымыздағы қар барысы бәріне онша таныс емес. Барыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды. Бірақ өзінің ұрпағына қатер төнгенде, ол бойындағы барын салып қорғайды, аузындағы дәмдісін аузына тосуға, оның саулығына, дербес өмір сүруіне жетелеп баулиды. Ол өз тіршілік ететін табиғат пен тыныстайтын ауасының жақсаруын қадағалап отырады.

### **Мәтін 2. Қазақстан – Азия барысы**

Біздің алдымызда үлкен мүмкіндіктер тұр. Азияда кедей елдер көп болған. Соңғы 30 жыл ішінде сол елдердің жағдайы жақсарды. Олар: Корея, Индонезия, Тайланд және т.б.

Сингапур тәуелсіздік алған кезде халқының жағдайы өте нашар болатын, себебі әрбір адамның табысы төмен болды. Ал қазір халықтың әл-ауқаты біршама көтерілді. Бізге ұқсас ел – Малайзия. Ол әлемде *Азия жолбарысы* болып танылды. 2030 жылға қарай Қазақстан Азия барысына айналады және өзге дамушы елдерге үлгі болады. Біздің елде жолбарыс деген аң жоқ. Біздің тауларда мекендейтін қар барысы бар. Бірақ оны дүние жүзі біле қоймайды.

Барыс жолбарысқа ұқсағанмен, оның өзіндік қасиеттері де бар. Олар: тектілік, алғырлық, тәкаппарлық, батылдық, айлалық. Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, тікелей соқтығыстардан бойын тартады, себебі ол қатаң табиғи ортаға бейімделген.

### **Мәтін 3. Қазақстан – Азия барысы**

Азия елдерінің болашақтағы мүмкіндіктері зор. Қазіргі кезде Корея, Тайвань, Индонезия, Таиланд мемлекеттерінің экономикасы қарқынды дамуда. Біздің көршілеріміз Қытай және Ресей өте жақсы дамыған елдер.

Бізге ұқсас Сингапур, Малайзия елдері үлкен табыстарға қол жеткізді. Осындай табыстардың нәтижесінде бұл елдер күллі әлемде Азия Жолбарыстары ретінде танылып отыр.

Біздің елде жолбарыстар жоқ, ал тауларымызда тіршілік ететін қар барысы дүние жүзіне онша таныс емес.

Жануарлар әлемінде жолбарыс туыстас болғанымен, барыстың өзіндік ерекшеліктері де бар. Барыс тектілігімен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын жануар. Ол ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды. Тікелей соқтығыстардан бойын тартады. Бірақ өзінің еркіндігі мен тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда ол басын тігіп, бойындағы барын салып, қорғайтын болады. Ол қатаң табиғи ортада өмір сүреді.

### **Мәтін 4. Қазақстан – Азия барысы**

Азияға мынадай елдер жатады: Қытай, Корея, Тайвань, Индонезия, Тайланд, Сингапур, Малайзия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және т.б. Кейбір елдер соңғы 20 жыл ішінде

қарқынды дамып келе жатыр. Қазақстан өзінің экономикалық дамуын жолбарысқа теңейді. Барыстың өзіндік ерекшеліктері бар: өзіне тән тектілігімен, алғырлығымен, жасқануды білмейтін тәкаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен белгілі. Жолбарыс ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, бірақ өзінің еркіндігі мен тұрағына, ұрпағына қатер төнген жағдайда аянбай қорғайды. Ұрпағын баулыған кезде аузындағы дәмдісін соның аузына тосуға, оның саулығына, өресі мен пайымына нәр беріп отырады. Ол сыптай да серпінді болып, семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмайды. Барыс лайланған суды ішпейді, өзінің тіршілік ортасын қорғайды.

Қазақстандық барыстың бойына біткен қасиеттерге тән болып, біздің елде Батыстың талғампаздығы да, Шығыстың кемеңгерлігі де болуы тиіс. Осындай Қазақстанды біз өзіміздің ерік-жігеріміз арқылы тұрғызамыз.

Болашақтың іргесін тұрғызу үшін ұлттық біртұтастық, әлеуметтік әділеттілік, экономикалық даму, саяси тұрақтылық керек. Дамыған, гүлденген экономикасы бар, демографиялық, экологиялық, әлеуметтік жағдайы тұрақты ел – қуатты мемлекет.

Прагматикалық тұрғыдан мәтінді талдауды Analyzing the Text (мәтінді біртіндеп талдау) және Taking Ideas to Production (идеялар арқылы қорытынды шығару) негізінде жүргізуге болады.

**Тапсырма:** «Ерік күші» түсінігін анықтау, кесте жасау, қорытынды пікір шығару.

### Мәтін 1. Ерік күші дегеніміз не?

Ерік күші дегеніміз – ең алдымен түйсіктен шығатын қалау, қалау жанның талпынушы бөлегіне жатады. Мұны бірінші ерік күш дейміз. Осыдан кейін жанның қиялдаушы бөлегі пайда болады, осының арқасында қалау пайда болады. Ол екінші ерік күші болып табылады. Осы ерік күшінің арқасында адам жанының ақыл-парасатты бөлегінде әрекетшіл ақыл-парасат тудыратын алғашқы білімді қабылдай алады. Сол кезде адамда үшінші ерік күші пайда болады, басқаша айтқанда, ойлау қабілетінен шығатын қалау болады. Бұл ерікпен таңдау деп аталады. Бұл нәрсе еш жағдайда да басқа жан-жануарларға тән емес, тек адамға ғана тән құбылыс. Және осының арқасында адам мақталатын не датталатын, жақсы не жаман қылықтар жасайды және сол үшін не сый-құрмет көреді не жаза шегеді. Ерік күшінің барлық түрі бірдей адамда болатын болса, онда ол қайырымдылық пен зұлымдықты, жақсы мен жаманды ажырата алатын қабілеті болып, бақытқа талпына алады [1,405 б.]. (Мәтін өңделген. А.Қ. Асаубаева)

### Мәтін 2. Ерік күші

Ерік күшіне негізделген қайырымдылықтың жолы адам жанының бес пайымдау күштері арқылы болады: теориялық ақыл-парасаты, практикалық ақыл-парасаты, талпынушы, қиялдаушы және түйсінуші күштер арқылы. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшіл ақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдерді адам пайдаланып, пайымдауы керек. Кейін, ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күші арқылы бақытқа жету үшін не істеуі керек екенін ойластырып жасайды. Сонан кейін талпынушы күш арқылы ойластыру жолымен біліп алған әрекеттерді жасайды. Ол қиялдаушы және түйсінуші күштер ақыл-парасат күшін әзірлейді және оған көмектеседі, адамды бақытқа жету үшін жағдай жасайтын әрекеттерге бастайды, міне сонда адам толық игілікке ие болады. Сөйтіп ерік күшіне негізделген игілікке қол жеткізеді [1,406 б.]. (Мәтін өңделген. А.Қ. Асаубаева)

«Ерік күші» кестесі

№	Түрі	Бөлегі	Ерекшелігі	Нәтижесі
1	Түйсіктен шығатын қалау	талпынушы	жан-жануарларға, адамға да тән	Үш түрі де бірдей адамда болатын болса, онда қайырымдылық пен зұлымдықты, жақсы мен жаманды ажырата алатын қабілеті болып, бақытқа талпына алады.
2	Қиялдаудан шығатын қалау	қиялдаушы	құбылыс	
3	Ойлау қабілетінен шығатын қалау	ақыл-парасатты	адамға ғана тән құбылыс	

Қорыта келгенде, мақсаттық-прагматикалық тұрғыдан мәтін интерпретациясын келесі бағыттарда жүргізуге болады: қызығушылықты ояту және ізденісті ұйымдастыру; түсінуді тереңдету; мәтінді біртіндеп талдау; идеялар арқылы қорытынды шығару. Мәтінді оқу және қабылдау барысында әрбір оқырман текст ішіндегі байланыстарды ажырата біліп, өз «нұсқасын» құрастырады. Нәтижесінде тұтас мәтіннің толық «бейнесі» қалыптасады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1 Бейсембаев А.Р. Парадигмы современного языкознания. Учеб.пос. по курсу «Общее языкознание». – Павлодар: Изд-во ПГПИ, 2007. – 116 с.

2 Мәдениеттану: жоғарғы оқу орнындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Раритет, 2005. – 416 б.

3 Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құрастырған: Ә. Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж. Сандыбаев. – Алматы: Арыс, 2009. – 656 б.

#### **АННОТАЦИЯ**

*Т.К Маняпова, кандидат филологических наук,  
Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)*

#### ***Прагматические основания интерпретации текста***

*В статье охарактеризованы виды анализа текста и прагматические основания интерпретации текста. Способы организации филологического анализа текста показаны на практическом материале.*

**Ключевые слова:** *текстоведение, объект исследования, анализ текста, целостный «образ» текста.*

#### **RESUME**

*T.K Manyapova, candidate of Philological Sciences  
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)*

#### ***Pragmatic grounds of text interpretation***

*The article describes types of text analysis and pragmatic grounds of text interpretation. Ways of organizing the philological analysis of the text are shown on the practical material.*

**Key words:** *textual, object of study, text analysis, holistic «image» of the text.*